

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Қарағанды «Болашақ» университеті

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Карагандинский университет “Болашак”

Ministry of education and science of Republic of Kazakhstan
“Bolashak” Karaganda university



Заманауи әлемдегі ғылым мен білім

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары

Наука и образование в современном мире

Материалы международной научно-практической конференции

Science and Education in modern world

The materials of the international scientific-practical conference

ПОЭЗИЯДАҒЫ АЛЛИТЕРАЦИЯ ЖӘНЕ АССОНАНС

Ерсултanova Г.T., Сейдулаева A.X.

Алматы Менеджмент университеті

Аллитерация және ассонанс – тармаққа немесе сөйлемге әуендейік, саздылық қасиет беретін фонетикалық стилистикалық әдіс-тәсіл. Бұл тәсілдер поэзия тілінің басты көріктүш құралы болып табылады. Қыбыс қайталау негізінен лексикалық немесе өзге де мағынаны бермейді деген тұжырыммен келісе отырып, ақын шеберлігі арқылы ол белгілі бір мазмұнға ие болатынын білеміз. Аллитерация дауыссыз дыбыстардың, ассонанс дауысты дыбыстардың қайталануы.

«Аллитерация – өлең тармақтарының кілен біркелкі дауыссыз дыбыстан басталуы» [1, 29].

Тұнжыраған торғын тұн,
Төндім сұлу сұына.
Таңырқап тау-тас тамсанып,
Жымиды жүлдіз мұныма..

(І. Жансүгіров, «Ағынды менің Ақсуым».)

Топтан озған тарлан боз,
Тұрасынан айрылса,
Тасты басып тұра алмас..

(«Ұл туся», Махамбет.)

А.Квятковскийдің поэтический сөздігінде: «Аллитерация (от лат. –к, при, со и – буква; собуквие) – древнейший стилистический прием усиления выразительности художественной речи, в особенности стиха, повторами согласных звуков» [2, 14.] деп көрсетті. Аллитерация әлемдегі барлық елдердің халық поэзиясында және әдебиетінде кездеседі. Гомердің, Гезиодтың, Горацийдің, Вергилийдің шығармалары аллитерацияға өте бай. Аллитерацияны сондай-ақ көптеген европа ақындары да Данте, Петрарка, Ронсар, Шекспир өз өлеңдерінде шебер қолдана білген. Шығарманың мағынасын аша тұсы үшін ақын дыбыс қайталауды өз өлшемінен асырмай қолданғанда ғана жүзеге асады. Бірақ аллитерацияны өлеңде қалай қолдану керектігі жайлы ереже жоқ, болмайды да [3, 123].

Қайталауды (повтор) Қ. Жұмалиев «қайталактау» деп аударады. «Көркем сөздердегі дыбыс таңдаушылық формасы жалғыз ғана үйқас емес. Өлеңде, кейде көркем қара сөздерде де айтайын деген ойна окушылардың көңілін аудару үшін автордың басқа жолдармен де дыбыс таңдаушылығы болады. Сол әдістің бірі – дыбыс қайталашылық. Бір дыбысты бірнеше рет қайталап айтушылықты дыбыс қайталактаушылық дейді» [4, 188].

Бірақ қандай дыбыстар қайталайды және қайталактағандағы автордың мақсаты не бұны естен шығармау керек [5, 36].

Дыбыс қайталактаудың мысалы:

**Жайнаған түнгі жығылмай,
Жасқанып жаудан тығылмай,
Жау жүрек жомарт құбылмай,
Жақсы өмірің бұзылмай...**

(Абай)

Бұлардың ішінде сөз қайталақтауы да бар. Бірақ негізінен алғанда дыбыс қайталақтауына жатады. Абайдан келтірген үзіндінің дыбыс қайталақтауы алдыңғыдан гөрі күштірек. Жазушылар дыбыс қайталақтауын түрлі себептермен қолданады [6, 225].

Самородый сары алтын,
Саудасыз берсөң алмайды,
Саудыраган жезіне.
Саудырысыз сары қамқаны,
Садаға кеткір сұрайды,

Самарқаның безіне, – деп Абай жай қолданып отырған жок. «Сары алтынға» – құнды сөзіне – жүрттың көнілін аудару үшін қолданып отыр. Дыбыс қайталақтаудың өзі бір дыбысты қайталап көп қолданушылық, шыгарманың алдына қойған мақсаты, автордың айтайын деген ойна байланысты болады. [7, 14].

И.Р.Гальперин аллитерацияға мынадай анықтама береді: «Alliteration is a phonetic stylistic device which aims at imparting a melodic effect to the utterance» [8, 126-127]. Оның пікірінше, аллитарция дауыссыз дыбыстардың бір-біріне жақын орналасқан сөздерде қайталауы. Ол поэзияда да, прозада аллитерация тармаққа не сөйлемге әуендейділік дарытудың құралы деп қарастырады.

В.Арнольд аллитерацияны екі мағынада қарастырады, тар мағынада дауыссыз дыбыстардың бір-біріне жақын орналасқан сөздердің басында келетін қайталау дейді. It's a damned long, dark, boggy, dirty, dangerous way. (O.Goldsmith, She stoops to conquer). Ағылшын поэзиясында аллитерация маңызды орын алады. Англосаксон поэзиясында үйқас болмаған, оның қызыметін аллитерация атқарған. Аллитерациялық дыбыстар бір тармақта екіден төртке дейін қайталаған. Англосаксон тілінде жазылған «Феникс» өлеңі жер бетіндегі жәннатты сипаттайды, әр шумак пауза арқылы екіге бөлінеді. Оның біріншісі бірдей дыбыстан басталатын екі сөз қайталауынан тұрса, осы қайталау екінші шумакта да жалғасады. «В раю не бывает ни зимы с ее снегом, ни дождей, там всегда хорошо и цветут цветы» [9,25].

Ne mæg bær ren ne snaw,
Ne forstes fnæst, ne fyres blæst,
Ne hæ gles hryre, ne hrimes dryre,
Ne sunnan h tu, ne sincaldu,
Ne wearne weder, ne winter-scur
Wihte gewyrdan; ac se wong seomð
Eading and ansund. Is b t bele lond
Blostmum geblowen.

Делин Томастың өлеңдерінде аллитерацияның валлийлік түрі (валлийский тип) кездеседі, бір тармақта екі аллитерацияның симметриялы орналасатын түрі cynghaned деп те аталады. Woke to my hearing from harbour and neighbour wood (w...h...h...w). Немесе оның балалық шақ туралы өлеңіндегідегі Fern Hill:

Above the lilting house and happy as the grass was green...
And once below a time I lordly had the trees and leaves...
And green and golden I was huntsman and herdsman...

Бүгінгі танда аллитерация поэзиядағы негізгі емес, тек қосымша құрал ғана болып табылады. Ол экспрессивті рольді атқарады, аллитерацияны тек маңызды ұғымды берерде ғана қолданылады [10, 14].

Орыс поэзиясында аллитерацияның алатын орны ерекше. «Слово о полку Игореве» деп аталатын мәтіні дыбысты аллитерацияға ете бай [11, 24].

...Трубы трубят в Новеграде, стоять стязи в Путивле...
...Ношь стонущи ему грозою, птичь убуди; свист зверин въется близ..
...С зарания в пятк потопташа поганяя плъкы половецкыя...

Орыстың көптеген мақал-мәтеддері аллитерацияға немесе аллитерация негізінде пайдаланып жүркескендегі құралады. Мысалы: «Как возьмет голод, появится голос»; «Гише едешь, дальше будешь»; «Один с сошкой, семеро с ложкой». Ақындарда аллитерация досиллабикалық және

силлабикалық кезендерде кездеспейді. Себебі ол уақыттарда орыс ақындар жана жүйеде өлең жазуға көніл бөліп, ал аллитерация назардан тыс қалды. Тек 18 ғасырда В.Тредиаковский және М.Ломоносов реформасынан кейін, жана жүйедегі өлеңге аллитерацияны дыбыстық көріктеуіш ретінде қолдануға мүмкіндік пайда болды. Ғалым әрі зерттеуші М.Ломоносов «г» дыбысына арнайы аллитерациялық өлең жазды:

Бугристы берега, благоприятны влаги,
О, горы с гроздьями, где греет юг ягнят,
О, грады, где торги, где мозго-круглы браги

(«О сомнительном произношении буквы «г» в Российском языке»)

А.Пушкиннің келесі өлеңінде шебер аллитерация – дауысты және дауыссыз дыбыстардың комбинациясы қолданылған [13, 65]:

Унылая пора! Очей очарованье!
Прятна мне твоя прощальная краса...

«Дозировать аллитериацию, – дейді В. Маяковский өзінің «Как делать стихи?» деп аталатын мақаласында, – надо до чрезвычайности осторожно и по возможности невыпирающими наружу повторами. Пример ясной аллитерации в моем есенинском стихе – строка: «Где, он, бронзы, звон или гранита грань...» Я прибегаю к аллитерации для обрамления, для еще большей подчеркнутости важного для меня слова» [12, 32].

А.Квятковский өзінің поэтикалық сөздігінде «аллитерационный стих» деп аталатын өлең түріне тоқталады. Аллитерациялық өлең – өлеңің көне түріне жатады, мұндай өлеңдер европа және азия халықтарының поэзиясында кездеседі (неміс, швед, қазақ, қырғыз, бурят т.б.). Көне герман поэзиясына «горизонтальді» аллитерация тән болса, азиялық халықтар поэзиясында «вертикальді» аллитерация қолданылады [2, 32].

Дыбыс қайталаудың екінші түрі – *ассонанс* деп аталады. Ассонанс – өлең тармақтарының бастапқы сөзі тек қана бірынғай дауысты дыбыстардан басталуы [1, 28].

Ағынды менің Ақсұым,
Ақырып әлі ағасын.
Ақиланған ашумен,
Ақтарды асқар сабасын.

(І. Жансүгіров, «Ағынды менің Ақсұым».)

...Қатарланған қара нар
Арқаның қыып алған күн,
Алма мойын аруды
Ат артына салған күн.

(«Мұнар күн», Махамбет.)

Бұл үзінділердің бәрі де ассонансқа жатады. Дыбыс қайталаушылық – өлең, көркем қара сөздерге заңды нәрсе. А.Пушкин, Абай тағы басқа классик ақын, жазушылардың қай-қайсылары болсын, дыбыс қайталауды қолданған. Айтайын деген ойына лайықты образ қолданумен қатар, әр жағдайға тән, суреттейін деген құбылыстарына керекті дыбыстарды қолдану арқылы да оқушыларына әсер еткен [4, 23].

Ассонанс, немесе вокалды аллитерация деп екпінді дауыстылардың тармақ ішінде немесе тармақ соңында толымсыз үйқас ретінде қайталауы.

Ассонанс Эдгар Поның «Ворон» деп аталатын өлеңінде жақсы берілген:

... Tell this soul, with sorrow laden, if within the distant Aiden,
I shall clasp a sainted maiden, whom the angels name Lenore –
Clasp a rare and radiant maiden, whom the angels name Lenore?

Сүйген адамының көрікті бейнесі *radiant maiden* деген эпитетпен берілген. Оның бұл шығармасында көптеген стилистикалық әдіс-тәсілдер қолданылған, ең маңызды тәсілдің бірі – [еi] дифтонгын қайталау берілген ассонанс. Қайғыдан үмітке, өз сүйіктісін жұмакта қайта құшу, арманына – ауысу осы тармақтың дыбысталуымен беріледі. Дыбыс арқылы шығарманың мазмұнын арта түседі [8, 156].

Ассонанс (франц. Созвучие) – роман поэзиясындағы көп тараған тек екпінді дауысты дыбыстардың сәйкестігі, толымсыз үйқас [10, 36].

Адамның құлағы үш жұз қырық мың дыбыс реңкін айырып ажыратады, ал көзі жұз жылтма сегіз түсті асқан жітілікпен таниды. Мұны дәлме-дәл сипаттап жеткізуге кәдімгі сөздің ерісі тар, сондықтан өлең тіліне, поэзиялық өрнектеуге, ассоциацияға жүгінеміз.

Ағылшынның ірі этнографы Э.Тейлор поэзиядағы дыбыс жараптығы жөнінде былай дейді:

«Ақындар дыбыстарды гармониялы орналастыру арқылы жаңа әсерлер тудырып отырады. Біздің ағылшындық ата-бабаларымыз аллитерациядан ерекше ләззат тапты, бір жерде тұрақталған дыбыстың тағы да сол тұста әлсін-әлсін жиілікпен қайталауны, біздің құлағымызыда тылсым уақыт аралығында қайталауны жағымдылық тудырады» [8, 65]

Көрінгенде, дыбыс қайталаулар өлеңге тек әсем әуендейділік қана емес, сонымен қатар белгілі бір мағынада мазмұн да алғып келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. –Алматы: Жазушы, 1973. –268 б.
2. Квятковский А. Поэтический словарь. –Москва: Сов.Энциклопед, 1966. –339 с.
3. Негимов С. Өлең өрімі. –Алматы: Фылым, 1980. –136 б.
4. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 243 б.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. –Алматы. Санат, 2002.
6. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. –Алматы, 2004. –503 б.
7. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. –Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
8. Galperin I.R. Stylistics. –Moscow: Higher school, 1977. –332 p.
9. Арнольд И.В. Стилистика современного английского языка. –Ленинград: Просвещение, 1981. –295 с.
10. Скребнев Ю.М. Основы стилистики английского языка. –Москва: ООО «Издательство Астрель», ООО «Издательство АСТ», 2003. –221 с.
11. Тимофеев Л.И. Очерки теории истории русского стиха. –Москва, 1958. –300 с.
12. Маяковский В.В. Собр. соч. Т. 10. –274 б.
13. Абрамович Г.Л. Введение в литературоведение. –Москва: Высшая школа. 1992.